



Eurasian Bank

2015 ж. 12 айының НӘТИЖЕЛЕРІ

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

МАҢЫЗДЫ: Осы тұсаукесерден алынған ақпаратты тікелей немесе жанама, тұтастай немесе бөлшектеп және қандай да басқа мақсаттарға көшіруге, таратуға, жариялауға немесе кез келген тұлғаға беруге тыйым салынады.

Ақпаратты компания дайындаған және осы ақпараттың мазмұнына, оның ішінде оның нақтылығына, толықтығына немесе шынайылығына қатысты немесе компанияға қатысты жасалған немесе ықтимал жасалған кез келген басқа мәлімдемеге қатысты ешқандай өзге тарап өзіне жауапкершілік алмайды және ешқандай тікелей немесе жанама растамалар немесе кепілдіктер бермейді.

Ақпарат болашақта дамуға қатысты мәлімдемелерді баяндайды. Ақпаратта мәлімдемеге енгізілгендердің кез келгені тарихи фактілерде атап көрсетілгендерден ерекше болашаққа болжамдар болып табылады. Болжамдық мәлімдемелер компанияның ағымдағы күтулеріне және оның қаржылық жағдай, операциялардың нәтижелері, жоспарлары, мақсаттары, болашақ көрсеткіштері мен бизнесіне қатысты жобаларға сәйкес келеді. Бұл мәлімдемелер өзіне шектеусіз, осының алдындағы немесе «мақсат», «пайымдау», «күту», «көздеу», «ниеттену», «бәлкім», «болжамдау», «есептеу», «жоспарлау», «жоба», «болады», «болуы мүмкін», «ықтимал», «болуы тиіс», «мүмкін» «болар еді» және басқа да сөздер мен терминдерді ұқсас мәндерімен және оларды теріске шығаруымен өзіне қосуы мүмкін. Осыған ұқсас болжамдар белгілі және белгісіз тәуекелдермен, белгісіз факторларымен және компанияның болжанатын нәтижелерінен, өнімділігінен немесе осыған ұқсас болжамдық мәлімдемелерде тікелей немесе жанама баяндалатын басқа маңызды факторлардан, өнімділіктен немесе жетістіктерінен маңызды ерекшеленуге алып келуі мүмкін. Мұндай болжамдық мәлімдемелер компания болашақта жұмыс істейтін ортаға және Компанияның ағымдағы және болашақтағы іскерлік стратегиясына қатысты болжамдардың көпшілік санына негізделеді.


Осы арқылы ақпараттың немесе ондағы баяндалған пікірлердің шынайылығына, нақтылығына, негізделгендігіне немесе толықтығына қатысты ешқандай айқын немесе тұспалдайтын растамалар мен куәландырулар берілмейді. Ақпарат тәуелсіз тексерістен өтпеген және түзетілмеуі тиіс. Ақпарат, оның ішінде болжамдық мәлімдемелерді қоса алғанда, тек осы құжатта мерзімі көрсетілген күнге ғана жарамды және болашақ нәтижелерге қатысты қандай да бір растамаларды беруге арналмаған. Компания ақпаратқа енгізілуі мүмкін және компанияның болжамдарындағы өзгерістер не қандай да бір шығуы мүмкін немесе оқиғалардың, жағдайдың немесе талаптардың өзгеруінен қандай да бір түзетулерді жариялау ниетінде емес және болжамдық өтініштер немесе кез келген қаржылық ақпаратты қосқанда, ақпаратқа толықтырулар немесе түзетулерді тарату жөніндегі қандай да міндеттемелерден немесе уәде етулерден екіұштылықтан, сондай-ақ осы құжатта күні қойылған күннен кейін туындаған өзге оқиғалар немесе жағдайлардан бас тартады. Осы ақпаратта баяндалған нарықтық деректер және нақтылы негізге тіркелмегендері тәуелсіз тексеруден өтпеген Компанияның өзі құрастырған бағалау көрсеткіштері болып табылады.

МАЗМҰНЫ

1. ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК
2. НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР СЕРПІНІ

Қосымшалар

- 2010-2015жж. соңындағы деректер, егер басқасы көрсетілмесе, KPMG аудиттеген шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келеді.
- Осы тұсаукесерде қолданылатын бағам USD/KZT: 1/339.5-ке тең (31.12.2015ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен).
- Осы тұсаукесерде қаржылық есептілікке жататын «ҚРҰБ сәйкес қаржылық деректер» сілтемелер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес дайындалған. Осы тұсаукесерде Банк қаржылық ақпаратты ҚРҰБ сәйкес Қазақстанның басқа банктерімен салыстыру үшін береді. Тұсаукесерде берілген барлық қаржылық ақпарат ҚРҰБ талаптарының шеңберінде ұсынылғандығы нақты ескертілген жағдайларды қоспағанда, ХҚЕС өлшемдеріне сәйкес келеді.



ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК





ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНКТИҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша

■ Еуразиялық банк активтер көлемі бойынша тоғызыншы орынды иеленеді және бөлшек кредит беру саласында үздік болып табылады.

■ 1994 жылы ENRC (қазіргі уақытта ERG) тобының акционерлерімен табиғи ресурстар мен тау-кен өнеркәсібі саласында үлестес компанияларға қаржылық қызметтер көрсету үшін құрылған. Қазіргі уақытта ENRC компаниялар тобы Банк бизнесінің шамалы бөлігін ғана құрайды.

■ Банк қазіргі уақытта корпоративтік клиенттерге, ШОБ және жеке тұлғаларға банктік қызметтердің барлық түрлерін көрсетеді (17,000 аса корпоративтік және 1,115,000 жуық бөлшек белсенді бірегей).

■ Банктің Қазақстандағы және Ресейдегі сату орындары 4,100 асды. Қызметкерлер штаты – 4,694 аса адам.

■ Банктің S&P-дан шетел валютадағы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингісі: «B», «тұрақты» болжамымен.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАГРАДАЛАРЫ



2013-2015жж. «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЗДІК БАНК»
«EMEA Finance» марапаты



2012ж. және 2014ж. «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЫЛ БАНКІ»
«The Banker» марапаты



2012-2013жж. және 2015 ж. «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЗДІК БӨЛШЕК БАНК»
«Asian Banking & Finance» марапаты



2012 ж. «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЗДІК БАНК»
«Euromoney» марапаты



2014ж. «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЗДІК БАНК»
«IAIR» марапаты

	млрд теңге	млрд АҚШ доллары
Барлық активтер	988.9	2.9
Барлық кредиттік портфель нетто	682.3	2.0
Барлық депозиттер ⁽¹⁾	654.6	1.9
Барлық капитал	79.1	0.2
Капиталдың жеткіліктілігі, барлығы (ҚРҰБ)	10.3%	
Мерзімі кешіктірілген кредиттер ⁽²⁾	10.1%	
Капиталдың табыстылығы, ROAE	5.4%	
Активтердің орташа құнының пайдасы, ROAA	0.4%	
Таза пайыздық маржа, NIM	5.7%	

БАНКТИҢ ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІСІ



- 16 филиал
- 130 ЕКБ
- 1,991 POS терминал
- 457 банкомат
- 429 төлем терминалдары
- 4 Ресейдегі офис

⁽¹⁾ Клиент шоттары мен талап етілгенге дейінгі депозиттер саны

⁽²⁾ Клиенттерге құнсыздану резерві шегеріміне дейін берілген, 90 күннен артық мерзімі кешіктірілген құнсызданған кредиттердің баланстық құны




ҚАЗАҚСТАНДА ҰҚСАС БАНКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ НАРЫҚТАҒЫ ЖАҒДАЙ

АКТИВТЕР

КРЕДИТТЕР⁽¹⁾

БӨЛШЕК ДЕПОЗИТТЕР

КОРП. ДЕПОЗИТТЕР





Eurasian Bank





Eurasian Bank

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР СЕРПІНІ




Eurasian Bank

АКТИВТЕР

- 31.12.2015 ж. жағдай бойынша жиынтық активтер 31.12.2014ж. жағдай бойынша 808,6 млрд. теңгеден (2,4 млрд. АҚШ доллары) 22,3 %-ға 988,9 млрд. теңгеге (2,9 млрд. АҚШ доллары) ұлғайды.
- Активтер құрылымындағы клиенттерге берілетін қарыздар үлесі (нетто) 2014 ж. соңындағы 73 %-дан 2015 жылдың соңындағы жағдай бойынша 69%-ға дейін төмендеді.
- Сыртқы нарық шарттарын ескере отырып, өтімділік ұстанымын басқаруға ерекше назар аударылады. Өтімділіктің барынша жоғары деңгейін ұстап тұру алдын алу шарасы ретінде 2014-2015 ж. девальвациядан кейін жүргізілді. 31.12.2015 ж. жағдай бойынша өтімділік жиынтық активтерден 26,3 % тұрақты деңгейде болды. Банктің міндеті – өтімділікті 10%-дан асатын деңгейде ұстап тұру.
- Өтімді активтердің жоғары үлесі мен кредиттердің төмен үлесі қаржы нарығындағы бос теңгелік өтімділік болмауымен байланысты тәуекелден көрінеді, өткені аталған кезеңде депозиттерді АҚШ долларына ауыстыру қарқынды болғаны байқалады.

ӨТІМДІ АКТИВТЕР⁽¹⁾


млрд. теңге



АКТИВТЕР МЕН КРЕДИТТЕР ӨСІМІ



АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ



⁽¹⁾Өтімді активтер қолма-қол қаражаттан және ОБ тиесілі қысқа мерзімді ақша қаражатынан, бағалы қағаздар саудасынан, банкаралық активтерден және қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздардан тұрады, теңгеде берілген



Eurasian Bank


КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ

- Корпоративтік (ШОБ қосқанда) және бөлшек сараланымының шамамен тең үлестерімен бірге кредиттік портфельдің теңдестірілген құрылымы
- 2013 жылдан бастап Банк стандартты бөлшек қарыздарды қайта табыстау және қызмет көрсету бойынша бағдарламаны енгізді, бұл қосымша комиссиялық кірістерді ала отырып, бөлшек бизнестен артықшылықтар алуды жалғастыра келе тәуекелдерді бақылауға мүмкіндік берді. 2015 жыл бойы Банк сомасы 5 млрд. теңге (2014 ж. 23.1 млрд. теңге) болатын кредиттер портфелін сатты / қайта табыстады.
- 2011 жылы «ПростоКредит» бөлшек кредит портфелі мен сауда маркасын сатып алғаннан кейін бөлшек бизнесті күшейтті.
- 2015 жылы кредит портфелінің жалпы көлемі 16 %-ға, корпоративтік бизнестің өсуі 35 %-ға, ШОБ 27 %-ға ұлғайды, бұл ретте бөлшек клиенттерге берілген қарыздар көлемі ағымдағы нарықтық жағдайды қамтып көрсете отырып 1 %-ға қысқарды.
- Корпоративтік кредит портфелінде көтерме сауда, құрылыс, ауыл шаруашылығы негізгі жайғасымда орналасқан (2014 ж. 49 %-мен салыстырғанда корпоративтік портфельден шамамен 60 %).

КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІ БӨЛУ


млрд. теңге

■ Корпоративтік клиенттер ■ ШОБ ■ Бөлшек клиенттер




ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫ БОЙЫНША КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ:

31.12.2015ж.




КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ: 31.12.2015ж.

Валюталар бойынша



Өтеу мерзімі бойынша






БӨЛШЕК БАНК

- Соңғы бірнеше жылда 2 есе ұлғайған елеулі клиенттік база: 1,132,105 бірегей белсенді клиенттер (1,115,000 жуығы бөлшек).
- 2014 жылы мобильді банкинг платформасы сәтті түрде енгізілді: 358,211 тіркелген Smartbank пайдаланушылары (+ 63%).
- 2015 ж. сату орындарының жалпы саны 16%, яғни 4,194 дейін өсті, негізі POS терминалдардың 1,191 (+ 45.6%) және АТТ 429 (+ 25.8%) дейін өсуі есебінен.
- Банк Қазақстанда кредитке сатып алынған барлық автомобильдердің жартысына жуығын қаржыландыра отырып, автокредит беру нарығының көшбасшысы болып табылады. 2015 жылы Банк қамтамасыз етілген кредиттерді беру стратегиясын жалғастырды: автокредиттер 9%-ға өсті.
- 2015 жылы бөлшек кредит портфелінің 1% -ға төмендеуі негізінде қамтамасыз етілмеген кредиттер санының азаюымен, сонымен қатар Қазақстанның ипотекалық компаниясының бөлшек кредитті секьюриттеу және ипотекалық кредиттерді сату бағдарламасы шеңберінде кредиттерді бұдан әрі қарай сатумен байланысты.


БАНКТИҢ КЛИЕНТТІК БАЗАСЫ⁽¹⁾



БӨЛШЕК КРЕДИТТЕР



САТУ ЖЕЛІСІ



⁽¹⁾ Корп. және бөлшек белсенді клиенттердің барлығы




КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ САПАСЫ

- Банктің мерзімі кешіктірілген кредиттер үлесі 2015 жылдың соңында 10.1 (2014 ж. көрсеткіштен +1.6%) құрады. Менеджменттің мақсаты - мерзімі кешіктірілген кредиттер үлесінің 10% асуына жол бермеу.
- 31.12.2015 ж. жағдай бойынша қайта құрылымдалған кредиттер үлесі –кредиттік портфельден 8,9% (2014:7,3%).
- 10 ірі кредиттердің үлесі 2015 жылдың соңындағы жағдай бойынша несие портфелінің 23.9% дейін азайды.
- Бөлшек кредиттерді өндіру рәсімдерінің қаржылық тиімділігі 90 % асты.

КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ ЖІКТЕЛІМІ: 31.12.2015 ж.

Корпоративтік және ШОБ

Бөлшек




(1) Клиенттерге қунсыздану резерві шегеріміне дейін берілген, 90 күннен артық мерзімі кешіктірілген қунсызданған кредиттердің баланстық құны

(2) ҚР ҰБ, шоғырландырылмаған деректер

МЕРЗІМІ КЕШІКТІРІЛГЕН КРЕДИТТЕР⁽¹⁾. ПРОВИЗИЯЛАР



2010 Ж. ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ЖӘНЕ 2010 - 2015 Ж. КЕЗЕҢДЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР⁽²⁾






МІНДЕТТЕМЕЛЕР

- Клиенттердің депозиттеріне негізделген және жергілікті (оның ішінде тәртіптелген) және халықаралық қарыз алумен (сомасы 500 млн доллар сурооблигациялар) сүйемелденіп отырған әртараптандырылған қор жинау базасы.
- Жергілікті нарықта тартылған депозиттер Банктің негізгі қорландыру көзі болып табылады. 31.12.2015ж. жағдай бойынша клиент депозиттерінің үлесі міндеттемелерден 71.9% құрайды (2014:73.9%).
- 2015 жылғы депозиттер (16.2 % ағымдағы шоттар болып табылады) сомасы 19,4 % ұлғайды, оның 56,9% заңды тұлғалардың қаражаты.
- 2015 жылы теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының әлсіреуі алдыңғы жылға қарағанда шетелдік валютадағы депозиттерге деген сұранысты арттыруға және клиенттердің депозиттері мен ағымдағы шоттарының үлесінің жылдық мәнде теңгемен 18,9 % төмендеуіне әкелді.


МІНДЕТТЕМЕЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫ:31.12.2015 ж.



ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ДЕПОЗИТТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ


млрд. теңге

■ Бөлшек ■ Корпоративтік



ВАЛЮТАЛАР БОЙЫНША ДЕПОЗИТТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

■ KZT ■ FX






ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

- 2015 жылы таза табыс көлемі теңгенің құнсыздануынан кейінгі кірістілікке түскен қысымды, экономиканың құлдырауы мен теңгелік өтімділіктің жетіспеушілігін ескере келе 2014 жылғы көрсеткіштен 65.3 %-ға төмендеп, 3,9 млрд. теңгені (11.7 АҚШ млн. доллары) құрады.
- Шығыстардың кірістерге арасалмағы шетел валютасындағы шығыстарға деген жағымсыз ықпалы мен шығыстардың қысқаруынан кейінгі қалдырылған әсерге байланысты 2014 ж. 24.7%-дан 31.12.2015 ж. соңындағы жағдай бойынша 55,3%-ға дейін ұлғайды.
- 2015 жылы таза пайыздық маржа бойынша көрсеткіш 2013 ж. жеткен 8,8 %-дан төмендесе де, негізінде ағымдағы нарықтық жағдайлар әсер ететін қор жинаудың өспелі құны есебінен жеткілікті жоғары деңгейінде – 5,7 %-да қалды.
- Таза пайыздық кіріс 2015 жылы 7.1 %-ға – 1 млрд. теңгеге ұлғайды, тұтынушылық кредит беру өсімінің бәсеңдеуі есебінен таза комиссиялық кіріс 15.1 %-ға – 9.1 млрд. теңгеге төмендеді.
- Клиенттерге берілетін кредиттер жалпы пайыздық табыстан 98%-ды құрады.


ТАЗА ПАЙДА СЕРПІНІ

млрд. теңге



ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ МАРЖА. ШЫҒЫСТАР / КІРІСТЕР


— Таза пайыздық маржа — Шығыстар/Кірістер



ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫС. КОМИССИЯЛЫҚ ТАБЫС

млрд. теңге

■ 2014 ■ 2015





Eurasian Bank

ҚОСЫМШАЛАР



Eurasian Bank

2015ж. НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

Ақпан

- Еуразиялық банк EMEA Finance-тың бағалауымен «Орталық және Шығыс Еуропадағы секьюриттеу бойынша үздік мәміле: Еуразиялық банк кредит портфелін секьюриттеу» марапатына ие болды.

Наурыз

- Еуразиялық банк 2014 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша жыл сайын өткізілетін Europe Banking Awards конкурсының «Қазақстанның үздік банкі» номинациясында қатарынан екінші рет жеңімпаз деп танылды.
- Банк филиал желісін оңтайландыру бойынша бағдарлама шеңберінде Өскемен және Семей қалаларындағы филиалдарды қосуды аяқтады.

Сәуір

- Еуразиялық банк Қазақстан даму банкімен отандық өндірістегі автомобильдерге жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы шеңберінде қаржыландыру беру бойынша келісім жасады.
- Еуразиялық банк барлық белсенді жалақылық карталарға кэшбэкті іске қосты.
- Филиал желісін оңтайландыру бойынша бағдарлама шеңберінде Павлодар, Екібастұз және Ақсу қалаларындағы филиалдарды қосу аяқталды.

Май

- «Еуразиялық банк» ЖАҚ (Ресейдегі еншілес банк) Омбы қаласында филиалын ашты.

Шілде

- Еуразиялық банк Asian Banking & Finance халықаралық қаржылық басылымның «Қазақстанның үздік бөлшек банкі» номинациясы бойынша үшінші рет марапатқа ие болды.
- Еуразиялық банк Deutsche Bank AG – Германиядағы ірі банктің «АҚШ долларындағы төлемдерді өңдеудегі жоғары сапа үшін» беделді марапатына қатарынан үшінші жыл ие болды.

Қазан

- Еуразиялық банк түріктің BankPozitif Kredi ve Kalkinma Bankasi Anonim Sirketi-мен «БанкПозитив Казахстан» АҚ-тың 100% акциясын сатып алу туралы сатып алу-сату шартын жасады.
- Еуразиялық банк қазақстандық нарықта алғашқы болып USSD-банкінг қызметін іске қосты.
- Банк Booking.com онлайн-сервиспен бірігіп тұруды брондаған кездегі кэшбэк есептеу бағдарламасын іске қосты.

Қараша

- Акционерлер Еуразиялық банктің капиталын 6 млрд. теңгеге ұлғайтты.
- «Еуразиялық банк» ЖАҚ (Ресейдегі еншілес банк) Челябинск қаласында жаңа филиалын ашты.

Желтоқсан

- Еуразиялық банк БанкПозитивтің 100% акциясының иесі атанды. «БанкПозитив Казахстан» АҚ-тың жай акцияларын сатып алу-сату мәмілесі 2015 жылы 30 желтоқсанда тіркелді.
- Еуразиялық банк қазақстандықтар үшін Қазақстанның барлық банктерінің клиенттеріне қолжетімді “Pay.Smartbank.kz” жаңа сервисін іске қосты.
- Еуразиялық банк жаңа қызмет – карточкалық шоттағы қаражат қалдығына 10% мөлшерінде пайыздар есептеуді іске қосты.
- Еуразиялық банк Қазақстан даму банкінен отандық өндірістегі автомобильдерге жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы бойынша қосымша қаржыландыру алды.
- Еуразиялық банк Avia.kz онлайн-сервисімен бірігіп авиа және темір жол билеттерін сатып алу кезінде кэшбэк есептеу бағдарламасын іске қосты.
- Еуразиялық банк Visa-дан «2015 шетелдік транзакциялардың ең үлкен көлемі үшін» номинациясы бойынша марапатқа ие болды.



Eurasian Bank

Жылдық есептеудегі
% өзгеріс

ХҚЕС бойынша БАЛАНСТЫҚ ЕСЕП

	31.12.2015 теңге, мың (аудиттелген)	31.12.2014 теңге, мың (аудиттелген)	
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	86,101,897	112,083,022	-23.18%
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы құралдары	143,133,179	4,547,700	NSF
Сатуға қолжетімді қаржылық активтер	5,969,072	5,913,836	0.93%
Банктерге берілген қарыздар мен аванстар	7,119,667	13,476,169	-47.17%
Клиенттерге берілген қарыздар	682,334,333	588,232,099	16.00%
Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар	23,297,543	35,184,257	-33.78%
Ағымдағы салық активтері	2,316,687	2,146,329	7.94%
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	25,753,653	22,847,412	12.72%
Басқа активтер	12,970,105	24,171,260	-46.34%
Барлық активтер	988,996,136	808,602,084	22.31%
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы құралдары	165,039		NSF
Банктердің шоттары мен депозиттері	6,635,801	3,469,981	91.23%
«РЕПО» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	2,648,490	7,353,570	-63.98%
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	654,636,292	548,499,125	19.35%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	164,624,569	103,242,607	59.45%
Шығарылған реттелген борыштық бағалы қағаздар	21,061,452	26,028,695	-19.08%
Басқа тартылған қаражат	43,773,936	37,862,573	15.61%
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	2,322,654	1,795,183	29.38%
Басқа міндеттемелер	14,036,191	13,662,318	2.74%
Барлық міндеттемелер	909,904,424	741,914,052	22.64%
МЕНШІК КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	36,110,211	30,110,207	19.93%
Эмиссиялық кіріс	25,632	25,632	0%
Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерв	8,234,923	8,234,923	0%
Серпінді қор	7,594,546	6,733,233	12.79%
Бөлінбеген пайда /Жинақталған шығын)	26,979,226	23,871,887	13.02%
Барлық меншік капитал	79,091,712	65,688,032	18.60%
Барлық міндеттемелер мен меншік капитал	988,996,136	808,602,084	22.31%



Eurasian Bank

ХҚЕС бойынша КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

	31.12.2015 <i>теңге, мың (аудиттелген)</i>	31.12.2014 <i>теңге, мың (аудиттелген)</i>	<i>Жылдық есептеудегі % өзгеріс</i>
Пайыздық кіріс	91,682,285	80,075,139	14.5%
Пайыздық шығыс	(48,627,602)	(39,862,264)	22.0%
Таза пайыздық кіріс	43,054,683	40,212,875	7.1%
Комиссиялық кіріс	9,727,333	11,479,459	-15.3%
Комиссиялық шығыс	(648,073)	(779,643)	-16.9%
Таза комиссиялық кіріс	9,079,260	10,699,816	-15.1%
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы құралдары бойынша таза (шығын)/кіріс	127,833,314	(631,760)	NSF
Шетел валютасымен жүргізілген операциялардан түсетін таза кіріс	(128,890,053)	3,396,540	NSF
Сатуға қолжетімді қаржы активтерінен түсетін таза (шығын) / кіріс	10,699	(349)	NSF
Ипотекалық кредиттерді сатудан түсетін пайда	544,333	1,131,811	-51.9%
Еншілес кәсіпорынды сатып алудан түсетін пайда	3,830,086	-	-
Басқа операциялық (шығындар) /кірістер	(420,569)	(279,425)	50.5%
Операциялық кіріс	55,041,753	54,529,508	0.9%
Құнсыздану шығындары	(19,618,880)	(10,069,797)	94.8%
Қызметкерлерге шығындар	(15,870,567)	(16,438,092)	-3.5%
Басқа жалпы әкімшілік шығындар	(14,554,325)	(13,412,070)	8.5%
Салық салуға дейінгі пайда	4,997,981	14,609,549	-65.8%
Табыс салығы бойынша шығындар	(1,029,329)	(3,185,919)	-67.7%
Жылдық таза пайда	3,968,652	11,423,630	-65.3%
Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша бағам айырмашылықтары	2,544,343	2,031,456	25.2%
Пайда салығы шегерімімен, осы кезеңдегі басқа жиынтық кірістің барлығы	2,435,024	(2,053,946)	-218.6%
Жылдық жиынтық кірістің барлығы	6,403,676	9,369,684	-31.7%



Eurasian Bank

ХОЛДИНГ ҚҰРЫЛЫМЫ



⁽¹⁾Алиджан Ибрагимов, Александр Машкевич және Патох Шодиев бірлесіп ENRC (қазіргі уақытта Eurasian Resources Group S.a.r.l. – ERG). ERG өндіру, өңдеу, энергетика, логистика және маркетинг салаларында толықтай біріктірген кәсіпорындары бар әлемдегі жетекші әртарапандырылған компаниялардың бірі болып саналады. Қазіргі күні ERG ең ірі феррохром өндіруші, сондай-ақ әлемдегі темір кені мен глиноземді өндірушілердің негізгілерінің бірі болып табылады. ERG-дің Қазақстан Республикасы аумағында негізгі өндіріткі активтері: Казхром, ССППО, Қазақстан Алюминийі, Қазақстан электролиз зауыты, Еуроазия энергетикалық корпорациясы, Шұбаркөл Көмір және ТрансКом.

⁽²⁾Еуразиялық қаржы компаниясы – Еуразиялық банкті, Еуразиялық капиталды, «Еуразия» сақтандыру компаниясын біріктірген холдинг компаниясы.

- «Еуразия» сақтандыру компаниясы – жергілікті және шетелдік нарықтарда қызметтерін ұсынушы Қазақстанның сақтандыру саласындағы көшбасшы.
- Еуразиялық Капитал – брокерлік-дилерлік қызметті, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқару қызметтерін жүзеге асырушы қазақстандық компания, Қазақстан қор биржасының мүшесі.



ЕУАЗІЯЛЫҚ БАНКТІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Директорлар кеңесі

Төраға

Александр Машкевич

Мүшелері

Алиджан Ибрагимов

Патох Шодиёв

Майкл Эгглтон

Борис Уманов

Вулис Феликс Джефф

Тәуелсіз директорлар

Николай Радостовец

Ольга Розманова

Дэвид Алан Боуэн

Басқарма

Төраға

Майкл Эгглтон

Төраға

Роман Машчик

Сейтжан Ермебаев⁽¹⁾

Анна Бичурин

Нурбек Аязбаев

